

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу – әдістемелік орталығы»
КМҚМ басшысы

Б.Х. Абдикерова

«12» 2025 жыл



«Шағын жинақты мектептің Үздік мұғалімі - 2026» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Шағын жинақты мектептің Үздік мұғалімі-2026» облыстық байқауының (бұдан әрі – байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, байқауға қатысушыларға қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларын шығару, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының 2026 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Байқауға Қарағанды облысындағы шағын жинақты мектеп мұғалімдері қатысады. Қатысушылардың жасына, педагогикалық өтіліне шектеу қойылмайды.

2. Байқаудың мақсаты:

Қарағанды облысындағы шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің озық іс - тәжірибесін анықтау, бағалау және тарату.

Байқау міндеттері:

- білім беру сапасын арттыру міндеттерін табысты шешетін, шығармашылықпен жұмыс атқаратын шағын жинақты мектеп мұғалімдерін анықтау және қолдау;
- шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігінің өсуіне жағдай жасау;
- ауыл мектептері мұғалімдерінің үздік педагогикалық тәжірибелерін тарату.

3. Байқауды өткізу мерзімі мен шарттары

3.1. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең – аудандық: наурыз 2026 жыл.

Екінші кезең – облыстық (іріктеу кезеңі): 6-10 сәуір 2026 жыл.

Үшінші кезең - облыстық (ақтық кезең): 24 сәуір 2026 жыл (оффлайн формат).

3.2. Байқаудың бірінші аудандық кезеңнің қорытындысы бойынша білім бөлімдері 1 немесе 2 қатысушының құжаттарын екінші – іріктеу кезеңіне ұсынады. Байқауға ұсынылған құжаттар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.3. Екінші кезеңге қатысушылар ұсынатын «Педагог портфолиосының құрылымы» келесі құжаттар топтамасын қамтуы қажет:

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
Педагогикалық өтілі;
Білімі, біліктілік санаты;
Марапаттар (расталған көшірмелері).

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- соңғы үш оқу жылындағы педагогтің пәні бойынша білім алушылардың білім сапасының мониторингі және динамикасы;

- кейінгі 3 оқу жылындағы білім алушылардың түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстардағы жетістіктері, ғылыми – тәжірибелік конференцияларға қатысы, нәтижелері;

- Кейінгі 3 оқу жылындағы педагогтің өзінің олимпиадалардағы, кәсіптік байқаулардағы жетістіктері.

(Олимпиадалар, байқаулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 07.12.2011ж № 514 және облыстық білім басқармасының «Қарағанды облысы педагогтеріне арналған облыстық олимпиадалар мен конкурстардың тізбесін бекіту туралы» 09.12.2024ж № 703 бұйрықтарымен бекітілген тізбеге сәйкес болуы керек).

3. Ғылыми - әдістемелік қызмет:

- педагогтің қолданатын оқыту технологияларының, әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы;

- педагог өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстел, конференциялар құжаттары;

- авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу, олардың хаттамаларының көшірмелері (авторлық жұмысы болған жағдайда);

- білім беру және әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі құжаттар;

- шығармашылық есептер, семинарлар, ашық сабақтар, тренингтер, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда сөз сөйлеу туралы мәліметтер (аудандық, облыстық, республикалық деңгейде);

- біріктірілген сыныптардағы сабақтың қысқа мерзімді жоспары (егер педагог қызмет атқаратын мектепте біріктірілген сынып болса);

- шағын жинақты мектептің оқу үдерісінде жаңа технологияларды пайдалану бойынша тәжірибе алмасу жұмысы.

4. Сабақтан тыс жұмыстар

- білім алушылардың шығармашылық жұмыстары;

- құндылыққа негізделген сыныптан тыс іс – шараның әзірлемесі.

5. Күрделенген тақырыптар бойынша DVD- тасымалдағышта жазылған бір бейне - сабақ.

6. Сауалнама (1 қосымша).

3.4. «Педагог портфолио» топтамасындағы ұсынылған құжаттарды бағалау өлшемдері:

1. Байқау құжаттарының мазмұнының тақырыпқа, білім алушылардың деңгейіне сәйкестігі;
2. Құжаттардың, әзірлемелердің жаңашылдығы, қолданылған педагогикалық тәсілдер мен әдістердің анықтығы мен айқындығы;
3. Нәтижелерді сипаттау айқындығы, әзірлемелердің тәжірибелік құндылығы, оны басқа білім беру мекемелерінде енгізу мүмкіндігі.

3.5. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған байқауға қатысушылар үшінші ақтық кезеңге жіберіледі.

3.6. Үшінші кезең облыстық ақтық кезең: 2026 жылдың 24 сәуір күні өтеді (оффлайн форматта).

Байқаудың үшінші кезеңі келесі тапсырмаларды қамтиды:

- **«Визит карточкасы»:** регламент – 5-7 минут.

Бағалау өлшемдері: көшбасшылық қабілеттер, логикалық құрылымдар жүйесі, педагогтің ұстанымы, өз жетістігі мен ұсыныстары, сөз сөйлеудің бірегейлігі.

- **«Шебер-сабақ»:** регламенті - 25 минут.

Бағалау өлшемдері: қойылған мақсаттың нақтылығы, тақырыпты ашуға шығармашылық көзқарас, пайдаланған ресурстар, оқыту әдістері, тапсырмалардың оқу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы.

4. Байқауды ұйымдастыру

4.1. Байқауды әдістемелік қамтамасыз ету және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Байқауды ұйымдастыру комитеті:

- байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- байқауды өткізу тәртібін белгілейді, әр кезеңдерді өткізу құжаттамаларын жүргізеді, олардың мазмұны және тапсырмаларды бағалау критерийлерін әзірлейді;
- байқауды өткізу жоспарын және бағдарламасын әзірлейді;
- байқауға қатысушыларды тіркейді, байқау құжаттарын жинауды жүзеге асырады;
- конкурстық комиссияның жұмысын ұйымдастырады.

5. Байқау қорытындысын шығару және марапаттау

5.1. Байқаудың қорытындысын шығару үшін Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу - әдістемелік орталығы басшысының бұйрығымен облыстық байқау комиссиясының құрамы бекітіледі.

5.2. Облыстық байқау комиссиясының құрамы байқауды ұйымдастырушылардың өкілдерінен және шақырылған мамандардан тұрады.

5.3. Облыстық байқау комиссиясы:

- байқаудың екінші кезеңіне ұсынылған педагогтердің құжаттарын осы Ереженің 3.4 тармағында көрсетілген бағалау талаптарына сәйкес талдайды және бағалайды, ақтық кезеңге қатысушыларды анықтайды;

- ақтық кезеңнің жұмысының қорытындысы бойынша байқау жеңімпаздарын анықтайды.

5.4. Байқау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделіп, комиссия төрағасының және дауыс беруге қатысқан комиссия мүшелерінің қолдары қойылады.

5.5. Байқаудың үшінші кезеңінің жеңімпаздары білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының дипломдарымен марапатталады, екінші кезеңге қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Облыстық байқауға қатысу өтінімін (2 қосымшаға сәйкес сканерленген, аудандық білім бөлімінің басшысының қолы қойылған) және ұсынылған шағын жинақты мектеп педагогінің құжаттарын осы Ереженің 3.3 – тармағының талаптарына сәйкес білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығына **2026 жылдың 3 сәуіріне** дейін жіберу қажет (№ 401 кабинет).

Анықтамалар **8(7212)502375** телефоны арқылы.

КЕЛІСІЛДІ:

Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің басшысы


Г.Г.Мукашева
« 30 » 12 2025ж

Сауалнама

1. ТАӘ (толық) _____
2. Жұмыс орны _____
3. Білімі _____
4. Лауазымы _____
5. Педагогикалық өтілі _____
6. Біліктілік санаты _____
7. Біліктілікті арттыру курстары (жылы, тақырыбы) _____

8. Жұмыс тақырыбы: _____

9. Мұғалімнің ең маңызды жетістіктері (соңғы үш жылда): _____

10. Оқушыларының ең маңызды жетістіктері (соңғы үш жылда): _____

11. Марапаттары: _____

Байқауға қатысушы: _____ (тегі, аты) _____ (қолы)

« ____ » _____ 2026ж.

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу – әдістемелік орталығы»
КМҚМ басшысы
Б.Х. Абдикероваға

«Шағын жинақты мектептің Үздік мұғалімі - 2026»
облыстық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ

Облыстық байқауға _____ ауданының шағын жинақты
мектеп педагогін қатыстыру сұралады.

1.	Білім беру ұйымы	
2.	Облыстық байқауға қатысушы педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда, толық)	
3.	Педагогикалық еңбек өтілі	
4.	Біліктілік санаты	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді), диплом бойынша мамандығы	
6.	Оқыту тілі	

Аудандық білім бөлімінің басшысы _____
/қолы/ /тегі, аты/

Мөр орны